

А. МАЛДЫБЕК¹✉, С. ШЫЛМАМБЕТОВ², З. ЖАНДАРБЕК³, Г. СЫЗДЫКОВА¹

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан), e-mail: maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан)

³Өзірет Сұлтан ұлттық тарихи-мәдени мұражай-қорығы (Қазақстан, Түркістан)

**ТҮРКІСТАНДАҒЫ РУХАНИ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ
МҰРАСЫНЫҢ РӨЛІ: САКРАЛДЫҚ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ
КОНТЕКСТІНДЕ**

Аңдатпа. Бұл мақалада Түркістан қаласының діни туризм кеңістігіндегі сакралдық рөлі мен мәдени-рухани брендке айналу әлеуеті ғылыми тұрғыда талданады. Зерттеу сакралдық география, рухани тәжірибе, локализация және бренд дипломатиясы теорияларына сүйене отырып, Түркістан феноменін заманауи ғылыми дискурста қайта пайымдауға бағытталған. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы тек тарихи-діни нысан ретінде емес, ұлттық руханияттың тірі тәжірибесі мен мәдени идентификацияның тірегі ретінде ұсынылады.

Мақалада Мешхед (Иран) және Кония (Түркия) қалаларының тәжірибесімен салыстыра отырып, Түркістанды халықаралық діни туризм орталығына айналдырудың нақты қадамдары ұсынылған. Эмпирикалық бөлімде 2010–2024 жылдар аралығындағы зияратшылар ағыны, туристік инфрақұрылымның дамуы, экотуризм және мемлекеттік қолдау шаралары сарапталып, графиктер мен диаграммалар арқылы нақты дәлелдер келтірілген. Сонымен қатар, зияратшылар мотивациясына қатысты сауалнама нәтижелері талданған.

Зерттеу нәтижесінде Түркістанның «Кіші Мекке» символикасы тек ішкі рухани кеңістік емес, сонымен қатар түркілік интеграцияны, мәдени дипломатияны және ұлттық брендті күшейтетін трансұлттық сакралдық хаб ретінде пайымдалатыны дәлелденді. Қорытындыда Түркістанды халықаралық деңгейге шығару үшін сопылық музыка фестивальдері, «Ясауи жолы» сияқты маршруттар, цифрлық зиярат платформалары мен академиялық туризм бағыттары ұсынылды.

Кілт сөздер: Түркістан, Қожа Ахмет Ясауи, діни туризм, сакралдық география, рухани тәжірибе, Кіші Мекке, сопылық ілім, ұлттық бренд, мәдени дипломатия, зиярат, Кония моделі, Ясауи жолы, туризм және руханият, түркі интеграциясы, локализация

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Малдыбек А., Шылмамбетов С., Жандарбек З., Сыздыкова Г. Түркістандағы рухани туризмді дамытудағы қожа ахмет ясауи мұрасының рөлі: сакралдық география және халықаралық тәжірибе контекстінде – 2025. – No2(8). – б. 180–194. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.12>

***Cite us correctly:** Maldybek A., Şylmambetov S., Jandarbek Z., Syzdykova G. Türkıstandağy ruhani turizmıdı damytudağy qoja ahmet iasauı mūrasynyñ röli: sakraldyq geografia jäne halyqaralyq täjiribe konteksinde [The role of the heritage of Khoja Ahmed yasawi in the development of spiritual tourism in Turkestan: in the context of sacred geography and international experience] – 2025. – No2(8). – b. 180–194. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.12>

теориясы

Кіріспе

Діни туризм – сенім мен киелі кеңістіктерге негізделген, адам мен рухани тәжірибені байланыстыратын маңызды мәдени-әлеуметтік құбылыс. Әлемдік тәжірибеде діни туризм тарихи-архитектуралық нысандарды көрумен ғана шектелмей, адам санасының терең қабаттарындағы рухани сұранысты қанағаттандырудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Бұл - тек саяхат емес, өмір салтын қайта бағамдау мен рухани кемелденудің алаңы. Қазіргі заманда діни туризм мәдени мұраны сақтау, аймақтық экономиканы дамыту және ұлттық руханиятты жаңғырту ісінде стратегиялық құралға айналып отыр.

Қазақстанда діни туризмнің маңызы күн санап артып келеді. Бұл үрдіс елдің ұлттық экономиканы әртараптандыру саясатына да, «Рухани жаңғыру» идеологиялық бағдарламасына да тікелей байланысты. Мемлекет діни және мәдени мұра нысандарын, әсіресе Түркістан өңіріндегі тарихи-рухани кешендерді жаңғырту арқылы бұл саланы дамытудың институционалдық және инфрақұрылымдық негізін қалыптастырды.

Осы ретте Түркістан қаласының орны ерекше. Түркі әлемінің тарихи және рухани жүрегі саналатын бұл мекен – мыңдаған жылдық өркениет сабақтастығы мен ислам сопылық дәстүрінің тұтас бір жүйесін бойына жинақтаған орталық. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі сопылық ілімінің ұлы символы, ал бұл кесененің айналасындағы ритуалдық кеңістік – жүрек тазалығы мен ішкі кемелденуге бастайтын рухани маршруттың тірек нүктесі. Түркістанды осы тұрғыдан «Кіші Мекке» ретінде қабылдау – тек поэтикалық теңеу емес, тарихи жадыда орныққан сакралдық рәміз, тәжірибелік сенім мен ұжымдық рухани танымның жемісі.

Бүгінде Түркістан қаласын халықаралық қажылық алдындағы рухани дайындық орталығына айналдыру қажеттілігі күн тәртібіне шығып отыр. Себебі бұл қала тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі үшін рухани орталық рөлін атқара алады. Мұндай ұсыныс діни туризмді дамытумен қатар, ұлттық руханиятты жаңғырту, түркі интеграциясын күшейту, және Қазақстанның халықаралық мәдени-идеологиялық беделін арттыру мақсаттарына да қызмет етері сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты – Түркістан қаласының «Кіші Мекке» ретіндегі символикалық әлеуетін саралай отырып, оны халықаралық қажылық алдындағы рухани дайындық орталығы ретінде институционализациялау мүмкіндіктерін талдау. Сонымен қатар, бұл бастаманың Қазақстандағы ұлттық идеология мен түркілік интеграцияға қандай үлес қоса алатынын анықтау.

Зерттеу гипотезасы: Егер Түркістан ресми түрде қажылық алдындағы рухани дайындық орталығы ретінде ұсынылса, ол діни туризмнің аймақтық хабына ғана емес, ұлттық рухани бірегейлікті нығайтатын және түркілік мәдени тұтастықты жеделдететін қуатты идеологиялық тетікке айналады.

Бұл мақалада мәселе көпқырлы тәсілмен қарастырылады: бір жағынан – діни туризмнің теориялық негіздері мен Қожа Ахмет Ясауи мұрасының теологиялық және идеологиялық мәні зерделенсе, екінші жағынан – Түркістан қаласындағы зияратшылар ағыны, инфрақұрылым, салыстырмалы халықаралық тәжірибе мен туристік мотивация деректері негізінде эмпирикалық талдау жүргізіледі. Осы арқылы Түркістанның жаңа сапалық рөлін – трансұлттық рухани платформа ретіндегі әлеуетін бағалау көзделіп отыр.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада пәнаралық зерттеу әдістемесіне негізделген сапалық және салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылды. Зерттеу барысында теориялық, эмпирикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер үйлестіріле қолданылды.

Біріншіден, теориялық талдау әдісі арқылы сакралдық география, рухани тәжірибе, локализация және мәдени брендтеу теорияларының негізгі тұжырымдары зерделеніп, Түркістан феноменін ғылыми-концептуалдық тұрғыда негіздеу мақсат етілді. Бұл бағытта М. Элиаде, Й. Туан, В. Тёрнер, С. Х. Наср, Б. Мейер секілді ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Екіншіден, эмпирикалық деректерді жүйелеу және талдау әдісі қолданылды. Түркістан қаласына қатысты 2010–2024 жылдар аралығындағы ресми статистикалық мәліметтер (зияратшылар саны, туристік инфрақұрылым, экономикалық кіріс) жинақталып, инфографика және диаграммалар түрінде визуализацияланды.

Үшіншіден, салыстырмалы әдіс негізінде Түркістан қаласының жағдайы Кония (Түркия) мен Мешхед (Иран) қалаларының діни туризм тәжірибелерімен салыстырылып, олардың құрылымдық ерекшеліктері, мемлекеттік қолдау механизмдері және сакралдық рөлдері талданды.

Төртіншіден, контент-талдау әдісі арқылы Түркістанды сипаттайтын символдық ұғымдар (Кіші Мекке, рухани хаб, түркі интеграциясы) сараланып, олардың мәдени-когнитивтік және идеологиялық салмағы ашылды.

Осы әдістерді кешенді түрде қолдану арқылы Түркістан қаласының заманауи діни туризм кеңістігіндегі орнын, сакралдық мәртебесін және рухани-мәдени трансформация әлеуетін жан-жақты ашуға мүмкіндік туды.

Зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау

Зерттеуіміздің басты гипотезасын негіздеуде біз діни туризм теориясы, әсіресе сакралдық география және рухани тәжірибе тұжырымдамаларына сүйенеміз. Бұл ұғым қазіргі ғылымда діни антропология, мәдениеттану, тарихи география және діни туризм сияқты салаларда белсенді қолданылады. Сакралдық кеңістік- жай ғана физикалық орынды білдірмейді. Ол адамның рухани тәжірибесі, тарихи жадысы, діни сенімі мен әлеуметтік танымы арқылы мәнге ие болатын символикалық кеңістік.

Қасиетті кеңістік ұғымы тек географиялық аймақты білдірмейді, ол сонымен қатар терең рухани және символдық мәнге ие мәдени феномен ретінде қарастырылады. Мұндай кеңістіктердің қалыптасуында бірнеше маңызды факторлар рөл атқарады: мифологиялық және тарихи нарративтер, діни ритуалдар мен тәжірибелер, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік деңгейде мойындалуы.

Кез келген киелі мекен алдымен сол орынға қатысты аңыздар, әпсаналар мен тарихи әңгімелер арқылы сакралданып, ұжымдық жадыда орнығады. Бұл нарративтер кеңістікті тек физикалық шындық емес, рухани таным объектісіне айналдырады. Мысалы, Ежелгі Грекияда Олимп тауы – құдайлардың мекені ретінде, ал ислам өркениетінде Мекке – Жаратушының үйі ретінде қабылданады [1]. Мұндай символдық интерпретациялар қасиетті орынның мәдени және діни құндылығын арттырады.

Қасиетті кеңістіктерде орын алатын діни рәсімдер мен ритуалдар олардың сакралды мәртебесін бекіте түседі. Бұл тәжірибелер арқылы кеңістік күнделікті тұрмыстық мәннен арылып, уақыттан тыс рухани шындықтың көрінісіне айналады. Мысалы, Бодх-Гаядағы Бодхи ағашының астында Будда нұрланған санамен ағарған деп есептелгендіктен, ол жер

буддистер үшін қасиетті орынға айналған [2]. Мұндай ритуалдық тәжірибелер кеңістікке ерекше метафизикалық мағына береді.

Сакралды кеңістіктің тұрақты дамуы мен сақталуы көбіне мемлекет тарапынан көрсетілетін институционалдық қолдауға байланысты. Қасиетті орындар діни қауымдастықтармен қатар, мемлекеттің де назарында болып, ресми түрде киелі деп танылуы мүмкін. Мұндай мойындау сакралды кеңістіктің құқықтық, әлеуметтік және туристік мәртебесін нығайтады[3]. Мемлекеттік деңгейде жүргізілетін қолдау – инфрақұрылымдық дамудан бастап, тарихи-мәдени мұраны қорғауға дейін – қасиетті орынның кең ауқымды қабылдануына жол ашады.

Аталған факторлар Қазақстандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сынды сакралды орындардың да қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Ясауи мұрасы тек діни тұрғыдан емес, мәдени-тарихи, мемлекеттік және халықаралық деңгейде де киелі нысан ретінде мойындалып отыр. Бұл оның рухани туризмдегі әлеуетін арттырады. «Бүгінгі таңда Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде мемлекет есебінен виртуалды турлар құру, мұражай қорларын электронды форматқа көшіру және мұражай қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру аясында озық үлгідегі цифрлық технологияларға кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар кешені қарастырылған» [4].

Сакралдық география ұғымын алғаш жүйелі түрде XX ғасырда румын ғалымы Мирча Элиаде дамытты. Ол қасиетті кеңістікті *axis mundi* (әлем осі) ретінде сипаттап, мұндай орындар адамдар мен Тәңір арасындағы рухани көпір қызметін атқаратынын айтты. Оның айтуынша, қасиетті кеңістік - бұл хаос пен тәртіп арасындағы шекара, яғни рухани рет пен үйлесім нүктесі. «Әрбір қасиетті кеңістік иерофанияны, қасиетті жердің бұзылуын білдіреді, бұл аумақтың қоршаған ғарыштық ортадан бөлінуіне және оның сапалық жағынан ерекшеленуіне әкеледі» [1].

Ал америкалық ғалым Эдвард Туан кеңістік (*space*) пен орын (*place*) ұғымдарын саралап, кеңістіктің сакралдық мәнге ие болуы адамның эмоционалдық және мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты екенін атап өтті. Оның пайымдауынша, кез келген физикалық нүкте, егер ол адам үшін мағыналы болса, қасиетті орынға айнала алады. «Орын-қауіпсіздік, кеңістік-еркіндік: біз бір-бірімізге байланып, екіншісін аңсаймыз» [5]. Сол секілді, сакралдық география тұжырымдамасын Қазақстандағы Түркістан қаласының тарихи және мәдени кеңістігі арқылы нақты көруге болады. Түркістан — тек қазақ халқы үшін емес, бүкіл түркі өркениеті үшін ерекше символдық және рухани мәнге ие киелі мекен. Мұндағы сакралдық кеңістіктің қалыптасуы мен дамуында үш маңызды факторды байқауға болады:

- Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыздар - Түркістанның рухани мәнін нығайтатын негізгі дереккөздердің бірі. Аңыз бойынша, Арыстан Баб Пайғамбардан аманат алған табақшаны Қожа Ахмет Ясауиге табыстап, сол арқылы оның рухани ұстазы ретінде танылған. Бұл аңыз түркі жұртында рухани сабақтастықтың белгісі ретінде сақталып, Түркістанды «Ясауи жолының» бастау көзі ретінде мойындатады. Сонымен қатар, «үш жүздің пірі» деп танылған Ясауидің кесенесіне зиярат ету - қазақ дәстүрінде әлі күнге дейін ерекше діни әрі әлеуметтік ритуал ретінде жалғасып келеді.

- Түркістанда өткізілетін ритуалдық әрекеттер - оның киелілігін тек өткенмен емес, қазіргі заманмен байланыстырады. Қажылыққа дейін немесе өмірлік маңызды шешімдер алдында адамдар осы жерге келіп, зікір айтып, құран оқып, мазарда түнейді. Бұл рәсімдер адамның рухани тазаруына, жан дүниесін тыныштандыруға және өміріндегі бағыт-бағдарын

табуға көмектеседі. Осындай тәжірибелер Түркістанды «тірі сакралды кеңістік» ретінде сипаттауға толық негіз береді.

- Сакралдық география - кеңістіктің жай ғана физикалық құрылымы емес, рухани мағына мен мәдени естеліктерге толы қасиетті орта екенін көрсететін терең теориялық ұғым. Түркістан қаласы - осы тұжырымдаманың жарқын мысалы. Ондағы мифтер мен аңыздар, ритуалдар мен заманауи діни тәжірибелер, сондай-ақ мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі танылу бұл қаланы ерекше сакралдық мәртебеге ие етеді.

Түркістанды тек тарихи мұралар мекені ретінде емес, дін мен мәдениеттің, руханият пен танымның қиылысқан қасиетті орталығы ретінде қарастыру - бүгінгі ғылыми көзқарастар мен мемлекеттің рухани жаңғыру бағдарламасына толық сай келеді. Осыған байланысты Түркістанды қажылық алдындағы рухани дайындық орталығы ретінде дамыту - тек мәдени не діни бастама ғана емес, сонымен қатар ғылыми тұрғыдан дәлелденген, тарихи және әлеуметтік тұрғыдан да толық негізделген қадам.

Қазақ хандарының Түркістанда жерленуі, биліктің сакралдануы бұл мазмұнды тағы бір дәрежеге көтереді. Тарихи деректерге сүйенсек, Қазақ хандығы дәуірінде Түркістан ерекше мәртебеге ие болды. Әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі - саяси билік пен рухани мұраның тоғысқан тұсы. Қазақ хандары мен сұлтандарының осы жерде жерленуі — олардың билігін тек саяси емес, сонымен қатар діни тұрғыда да легитимдеудің бір жолы болды. Яғни, Түркістанда жерлену - хандардың киелі мұрагерлік жүйесіне қатыстылығын дәлелдеп, биліктің тылсым, метафизикалық негізін бекітті.

Бұл дәстүр сакралдық география теориясы бойынша *sacred legitimacy* - «киелі легитимдік» ұғымымен сәйкес келеді. Билік иесі қасиетті орынмен байланысқан сайын, оның билігі халықтың санасында тұрақты әрі заңды сипатқа ие бола бастайды. Осылайша, Түркістандағы кесене тек мемориалдық емес, саяси-институционалдық кеңістікке айналды.

Виктор Тёрнер мен Виктория Тёрнердің 1978 жылы жарық көрген еңбектерінде сапар (әсіресе, діни немесе рухани мақсаттағы сапарлар) әлеуметтік ритуал ретінде қарастырылады. Олар бұл ритуалды *лиминалдық процесс* немесе *лиминалдық ритуал* ұғымы арқылы түсіндіреді. «Лиминал» сөзі латын тіліндегі *limen* - «табалдырық» деген сөзден шыққан және белгілі бір ауысу немесе өтпелі кезеңді білдіреді. «Қажылықты ішкі рухани қозғалыстың сыртқы көрінісі ретінде қарастыруға болады» [6].

Тёрнерлердің пайымдауынша, адамның қасиетті жерге сапары - бұл тек физикалық орын ауыстыру емес, оның рухани және әлеуметтік трансформациясымен тығыз байланысты өтпелі процесс. Бұл процесс үш негізгі кезеңнен тұрады:

- Алдыңғы (прелиминалдық) кезең - адам өзінің күнделікті өмірінен, әлеуметтік рөлдерінен уақытша бас тартады, яғни «ескі» күйінен ажырайды. Бұл кезеңде сапарға дайындық, өзін рухани тұрғыдан ретке келтіру басталады.

- Лиминалдық кезең — дәл осы аралық кезеңде адам күнделікті өмір мен қасиетті кеңістіктің ортасында тұрады. Ол өз болмысының ескі құрылымынан босайды, бұрынғы мәртебесі жойылып, жаңа рухани мағына іздеуге көшеді. Бұл - символдық «бос кеңістік», мұнда ескі мен жаңаның арасында шекара жойылып, адам өзін-өзі қайта тани бастайды. Тёрнер бұл кезеңді «қарсылықсыз және иерархиясыз қауымдастық» (*communitas*) күйімен байланыстырады. Яғни, бұл жерде барлық сапаршылар тең дәрежеде болады, әлеуметтік статустар уақытша маңызын жоғалтады.

- Кейінгі (постлиминалдық) кезең-адам қайтадан қоғамға оралады, бірақ енді

бұрынғыдан өзгерген күйде, жаңа рухани түсінікпен және әлеуметтік рөлмен. Бұл рухани «жаңғыру» адамның өмірлік құндылықтарын қайта бағалауына, ішкі әлемін тазартуға, өзін жаңа қырынан тануына мүмкіндік береді.

Тёрнер бойынша бұл хәлдер адамның жеке болмысының терең трансформациясын қамтамасыз ететін рухани құрылымдар. Демек, қажылық, зиярат, саяхат сияқты сапарларды қоғам мен мәдениеттің рухани жаңаруына ықпал ететін әлеуметтік ритуалдар ретінде қарастырады.

Түркістан бүгінде тек өткеннің естелігі емес, сонымен қатар қазіргі түркі халықтарының рухани және мәдени тұтастығын бейнелейтін маңызды нышанға айналууда. Бұл қала тек тарихи ескерткіштерімен ғана емес, сонымен қатар өзінің ерекше мәдени-өркениеттік мәнімен де ерекшеленеді. Түркістанның қазіргі бейнесі оны халықаралық деңгейде рухани келіссөздер мен мәдени байланыстың жаңа алаңы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Түркістанға сапар шегу - бұл жай ғана туризм емес, адам өміріндегі ерекше рухани тәжірибе. Мұндай зиярат адамның күнделікті күйбең тіршілігінен уақытша ажырап, қасиетті кеңістікпен тікелей байланыс орнату сәті. Бұл - адамның ішкі әлемімен сырласуы, өзін қайта тануы, рухани серпіліс алу үдерісі. Зиярат барысында адам жан-дүниесін тазалап, моральдық және әлеуметтік тұрғыда жаңарып, өміріне жаңа бағыт іздейді.

Мұндағы рухани тәжірибе - бұл туристің қасиетті сапар барысында бастан кешіретін ішкі, субъективті күйі мен сезімдік трансформациясы. Бұл құбылыс адамның жеке сенімімен, өмірлік тәжірибесімен және рухани ізденісімен тығыз байланысты. Неміс географы Гюнтер Риншеде өз еңбектерінде рухани тәжірибені діни туризмнің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырады. Оның пайымынша, қасиетті орындарға жасалатын сапарлар тек сыртқы көру немесе бару әрекеті емес, сонымен қатар ішкі рухани жаңару, өзін қайта тану, өткен өмір тәжірибесін қайта бағалау сынды процестермен қатар жүреді. «Қажылық-бұл ғарыштағы қозғалыс қана емес, сонымен бірге өзін-өзі өзгерту процесі» [7].

Қожа Ахмет Ясауидің ең басты теологиялық концепциясы - жүректің рухани мәні мен ішкі тазару қажеттігі, ішкі кемелдену идеясы. Бұл идея оның негізгі шығармасы – «Диуани хикметте» (Хикметтер жинағы) кеңінен өріс алған. Ол сыртқы ритуалдар мен формалистік діндарлықты жеткіліксіз деп бағалап, руханияттың өзегін жүрек тәрбиесімен байланыстырды. Оның сопылық ілімінде Аллаға жақындау - тек шариғат амалдарын орындаумен ғана емес, жүрек арқылы таным мен ішкі шындыққа жетумен жүзеге асады. Ясауи ілімі жүректі діннің орталық нүктесі ретінде қарастырып, сыртқы ритуалды ішкі тазаруға жетелейтін құрал бола алады. «Сопылық Исламның ішкі өлшемін бейнелейді және сыртқы көріністердің пердесінен тыс трансценденттік шындыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді» [8]. Осы арқылы Ясауи исламның ішкі мазмұнына, яғни батини (ішкі) жағына ерекше мән берді. Оның поэзиясы халыққа түсінікті түркі тілінде жазылғандықтан, бұл ілім сопылық танымды қарапайым халыққа түсінікті әрі қолжетімді етіп жеткізді. Ясауидің сопылығы - шариғатты жоққа шығармай, оны терең рухани тәжірибемен толықтыратын интегративті жүйе.

Рухани тәжірибе көбінесе діни ритуалдардың ортасында немесе олармен тығыз байланыста туындайды. Мысалы, құлшылық ету, зікір айту, дұға оқу, медитация, қасиетті орынға қол тигізу сияқты әрекеттер адамның ішкі күйін тереңдетіп, онымен өзінің сенімі мен құндылықтары арасында терең эмоционалды байланыс орнатады. Бұл тәжірибе саналы

рефлексияны ғана емес, сонымен қатар сезім арқылы жүретін таным формасын да қамтиды.

Риншеде атап өткендей, турист бұл рухани тәжірибе арқылы қасиетті ритуалдар шеңберінде өзінің жеке тарихын, өмірлік мәні мен бағыт-бағдарын қайта жаңғырта алады. Қасиетті кеңістік, ритуалдар және сенім жүйесі біріккен кезде адам өзін жоғары күшпен байланыста тұрғандай сезінеді. Мұндай сәттерде адамның жүрек көзі ашылып, өмірдің терең мәнін тануға ұмтылады.

Осылайша, рухани тәжірибе - бұл діни туризмнің тек сыртқы аспектілерін емес, ішкі, трансценденттік мазмұнын айқындайтын негізгі ұғымдардың бірі. Ол адамның сапар барысында алған рухани әсерін, күйзелісін, тыныштық сезімін және өмірлік рефлексиясын қамтиды. «Қасиетті орындар әрқашан жергілікті мәдени кодекстердің объективі арқылы түсіндіріледі және қауымдастықпен резонанс тудыратын тәсілдермен қайта түсіндіріледі»[9]. Түркістан сияқты қасиетті орындарға жасалған зияраттар дәл осы ішкі рухани тәжірибенің терең әрі маңызды болуына себеп болады.

Қазіргі Қазақстандағы діни туризмнің қалыптасуында Қожа Ахмет Ясауи феномені орталық элементке айналды. Бұл үрдіс посткеңестік кезеңде рухани идентификацияны қайта іздеумен, исламдық дәстүрге қайта бетбұрыс жасаумен, және Қазақстанның ұлттық идеологиялық концепциясындағы «рухани жаңғыру» бағдарламасымен тығыз байланысты. Ясауи тұлғасы мен оның мұрасы осы тарихи сәтте сакралдық мәні бар туристік тартым нысанына ғана емес, мемлекет жүргізіп отырған рухани саясаттың тірек нүктесіне айналды.

Қазіргі таңда діни туризм тек адамдардың сенімі мен рухани қажеттілігін қанағаттандырумен шектелмейді. Ол ұлттық брендті қалыптастырып, мәдени байланыстарды күшейтетін және жергілікті экономиканы дамытатын маңызды салаға айналып отыр. Бұл үрдіс халықаралық деңгейде де өз тиімділігін дәлелдеді. Осы тұрғыда Түркістанның даму бағытын болжау үшін Мешхед (Иран) пен Кония (Түркия) қалаларының тәжірибесіне көз жүгірткен жөн [10].

Мешхед мысалы - қажылықпен теңестірілетін зиярат. Иранның солтүстік-шығысындағы бұл қала – шиит мұсылмандары үшін ерекше қасиетті орын. Мұнда сегізінші имам Әли ар-Ризаның кесенесі орналасқан. Жыл сайын Мешхедке тек Иранның өзінен емес, сонымен қатар Ирак, Ливан, Пәкістан, Ауғанстан секілді елдерден он миллиондаған зияратшы келеді. Бұл қалада діни сенім мен заманауи инфрақұрылым тығыз байланыс тапқан: зиярат жасау - жай ғана діни рәсім емес, тұтас бір өмір салтына айналған [11]. Бірнеше зерттеуде зияратшыларды ұстап қалу діни-танымдық қызметтен бөлек сауықтыру-спорт кешендерінің, әсіресе су парктерінің қызметтерін қоса ұсыну маңызды саналады, бұған оқыту, тиісті құралдар мен қызметтерді ұсыну және т.б. жатады [12]. Сондықтан, Мешхедтің табысты үлгісі - мемлекет тарапынан көрсетілген жүйелі қолдаудың, дұрыс қалалық жоспарлаудың және діни-мәдени үйлесімділіктің нәтижесі. Қалада тек кесенелер мен мешіттер ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындары, зерттеу орталықтары, ауруханалар, қонақүйлер, қоғамдық көлік жүйесі мен зияратшыларға арналған инфрақұрылым кешені жақсы дамыған. Бұл қаланың рухани туризмді ұлттық және халықаралық деңгейде тиімді пайдаланып отырғанын көрсетеді [13].

Түркияның Кония қаласы сопылық ілімнің, поэзия мен мәдени дипломатияның орталығына айналған. Бұл қалада өмір сүрген Жәлаладдин Руми - тек түрік руханиятының ғана емес, әлемдік рухани мұраның ірі тұлғасына айналды. Діни толеранттылықты насихаттаған Румидің: «Кел, кел, сен кім болсаң да - жолаушы, құлшылық етуші, тіпті

кетуге асыққан жан болсаң да - бәрібір. Біздің керуен – үмітсіздіктің керуені емес» деген ойлары әлем жұртшылығын бірігуге шақырады [14]. Бұл жолдар Румидің адамды қандай күйде болса да қабылдайтын рухани ашықтығын, сопылық жолдың баршаға ортақ екенін және үміттің ешқашан үзілмеуі керектігін білдіреді, тек діни емес, универсалдық адамгершілік үндеу екенін дәлелдейді.

Конияның табысы - оның сопылық мәдениетті заманауи тәсілмен ұсына білуінде. Мұнда Мевлана музейі, Сема рәсімдері, халықаралық фестивальдер және діни-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Қалада тарихи нысандармен қатар қонақүйлер, туристік орталықтар, мәдениет үйлері мен көлік желісі жақсы дамыған. «Ең көрікті жерлері - Дәруіш монастырі, Мәулана мұражайы мен Мәулана кесенесі. Сондай-ақ туристер әр желтоқсанда Конияда өтетін 17 күндік Мәуленаны еске алу фестиваліне шақырылады» [15]. Бұл Конияны тек түрік халқы үшін емес, бүкіл әлем үшін тартымды рухани туризм орталығына айналдырып отыр.

Кония моделі көрсеткендей, тарихи-рухани мұра мен заманауи инфрақұрылымды дұрыс үйлестіре отырып, қаланы рухани туризмнің ірі орталығына айналдыруға болады. Бұл – Түркістан үшін де әлеуетті бағыт.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы -түркі сопылығының бастауы ғана емес, сонымен қатар түркілік руханияттың архетиптік негізі. Оның ілімі мен кесенесі Түркістанды Қазақстан көлемінде ғана емес, күллі түркі және мұсылман әлемі үшін маңызды орталыққа айналдыруға толық мүмкіндік береді. Алайда бұл әлеует толыққанды жүзеге асуы үшін Түркістанды заманауи діни туризм моделіне сәйкес жаңаша түсіндіру қажет.

Мешхед пен Кония мысалдары Түркістанға бірнеше бағытта бағдар береді. Түркістан геосаяси жағынан түркі әлемінің орталығында орналасқан, Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи қала. Бұл факторлар оны халықаралық зиярат және мәдени туризмнің тоғысқан нүктесіне айналдыруға жағдай жасайды.

Түркістанды Кония мен Мешхед деңгейіне көтеру үшін:

- Зиярат тәжірибесін әртараптандыру: Ясауи мұрасына негізделген медитативті сапарлар, сопылық поэзия мен музыка фестивальдері, хикмет оқу кештері, зікір рәсімдері және рухани семинарлар ұйымдастыру.

- Халықаралық маршруттар құру: Мысалы, «Ясауи жолы» деген брендпен Қазақстан–Өзбекстан–Түркия–Әзірбайжанды қамтитын сопылық бағыт ұсынылуы мүмкін.

- Ғылыми және рухани білім интеграциясы: Жыл сайынғы халықаралық конференциялар, жазғы мектептер, рухани оқыту бағдарламалары арқылы зиярат пен білімді ұштастыру.

- Визуалды және семантикалық ребрендинг: Цифрлық гидтер, онлайн платформалар, виртуалды зиярат кеңістіктері, мультимедиялық экскурсиялар арқылы Ясауи мұрасын заманауи форматта ұсыну.

Мешхед пен Кония өздерінің киелілік әлеуетін тек өткенмен байланыстырмай, оны қазіргі заман тілімен сөйлетіп, институционалдық құрылыммен бекітіп, рухани тәжірибеге негізделген туристік индустрияға айналдыра алды. Түркістан да бұл бағытта осындай мүмкіндікке ие.

2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енуі - Түркістанның ғаламдық деңгейдегі рухани және мәдени құндылығын мойындатты. Бұл шешім оның тарихи маңызын ғана емес, сакралдық мәнін де нығайтты.

Сонымен қатар, Қазақстан үкіметі 2018 жылы Түркістанды облыс орталығы етіп, рухани жаңғыру аясында Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени және рухани астанасына айналдыру жобасын қолға алды. Бұл саясат қаланың сакралдық мәртебесін әрі қарай тереңдете түсуде.

1991 жылдан кейін Түркістанға сапар шегетін азаматтар саны үздіксіз өсе бастады. Мемлекет бұл тенденцияны діни туризмнің әлеуеті ретінде қабылдап, институционалдық деңгейде қолдау көрсете бастады. 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ЮНЕСКО тізіміне енуі халықаралық туризм аясында оның беделін арттырса, 2018 жылы Түркістанның облыс орталығы ретінде қайта құрылуы бұл кеңістікті ұлттық деңгейде діни-туристік кластер ретінде дамытуға жол ашты. Жаңа әуежайдың салынуы, заманауи қонақ үйлердің, визит-орталықтардың, және жол инфрақұрылымының құрылуы-барлығы зияратқа бағытталған туризмнің құрылымдануын көрсетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы және жергілікті әкімдіктер бірлесіп, Түркістанды халықаралық деңгейдегі діни туризм орталығына айналдыруды мақсат етуде. Бұл саясат тек инфрақұрылыммен шектелмей, Ясауи мұрасын мәдени өнім ретінде әртараптандыруға бағытталған: цифрлық экскурсиялар, тақырыптық фестивальдер, сопылық поэзия кештері, және білім туризмі элементтері қамтылуда.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасының туристік тартымдылығы – оның сопылық мәнінде және келушілерге тигізетін эмоционалдық әсерінде. Түркістанға ат басын бұратын туристер тек тарихи таныммен шектелмейді. Олардың бір бөлігі бұл сапарды ішкі ізденіс, рухани тазару және ниетпен байланыс құру мақсатында жүзеге асырады. Мұндай сапарлар медитативтік тәжірибе ретінде қабылданып, адамның ішкі дүниесіне терең әсер етеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі - бұл контексте «қасиетті кеңістік» ретінде ішкі трансформацияны бастайтын маңызды катализатордың рөлін атқарады. Нәтижесінде, рухани туризм өзінің терең мазмұнымен дәстүрлі туризм түрлерінен ерекшеленіп, Қазақстанды ислам әлеміндегі маңызды зиярат орталықтарының қатарына қосуы ықтимал.

Ясауи мұрасының брендке айналуы - мемлекет тарапынан жүргізілген жүйелі идеологиялық жұмыстың нәтижесі. Бұл бағытта оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде, тележобалар мен деректі фильмдерде Ясауи тұлғасы мен руханияты кеңінен насихатталып келеді. Сонымен қатар, Түркістанның «рухани астана» ретінде ресми түрде институционалдануы -осы мәдени рәміздің саяси деңгейге дейін көтерілгенін айғақтайды [16]. Ұлттық бренд тек экономикалық әлеуетке ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихи жадында орын алған және әлемдік резонанс тудыратын мәдени-рухани нышандарға сүйенеді[17].

Бұл идеологиялық модель өз кезегінде туризм саласына да әсер етеді. Ясауи феномені төңірегінде құрылған туристік өнімдер -арнайы зиярат маршруттары, «Ясауи жолы» деген брендпен әзірленген турлар, сондай-ақ халықаралық діни форумдар -діни туризмді прагматикалық деңгейде жүзеге асыру құралына айналдырады. Сонымен қатар, бұл өнімдер Қазақстанның рухани бейнесін шет елдерде қалыптастыруға ықпал етуде, әсіресе түркітілдес елдер мен ислам әлеміндегі аудитория үшін маңыздылығы зор.

1 сурет – Зияратшылар саны мен демографиялық профілі




2022 жылы Түркістан қаласына келген туристер саны 1 миллионға жеткен. Бұл динамика туристік ағымның тұрақты түрде артып келе жатқанын көрсетеді және жыл өткен сайын артуда. Мұндай оң тренд бірнеше факторлармен байланысты: облыс орталығы мәртебесінің берілуі, «Хазрет Сұлтан» халықаралық әуежайының ашылуы, жаңа жол-көлік инфрақұрылымының дамуы және Ясауи кесенесі мен Сауран қалашығы сияқты сакралды нысандардың ішкі және сыртқы медиа кеңістікте кең насихатталуы. Бұл көрсеткіштер Түркістанның «Кіші Мекке» тұжырымдамасын тек идеологиялық деңгейде емес, нақты эмпирикалық деректермен де дәлелдеуге мүмкіндік береді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан қаласы туризм саласынан 3,7 миллиард теңге көлемінде табыс тапқан. Бұл көрсеткіш қаланың экономикалық құрылымында туризмнің маңызды орын алатынын білдіреді. Нақты айтқанда, өңірлік ішкі өнімнің 58 пайызы туризм мен қызмет көрсету секторына тиесілі болған [18].

Қалада тіркелген 11 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының басым бөлігі туризмге бағытталған қызмет түрлерін ұсынады. Бұл – туристік инфрақұрылымның жүйелі түрде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге, Түркістандағы сакралдық символизмнің (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді нысандардың) экономикалық капиталға айналуы осы процестің айқын дәлелі болып отыр [19].

Сурет 2 – Түркістан қаласында ашылған жұмыс орындары



Сурет 3 – Түркістан қаласының брендингтік картасы



Қорытынды

Зерттеу барысында Түркістан қаласының қазіргі замандағы сакралдық рөлі, оның діни туризм аясындағы әлеуеті және халықаралық деңгейдегі мәдени-рухани брендке айналу мүмкіндігі жан-жақты талданды. Қожа Ахмет Ясауи мұрасын тек тарихи өткеннің көне белгісі ретінде ғана емес, қазіргі жаһандық мәдениет пен руханият кеңістігінде қайта жандандырылған тірі тәжірибе ретінде ұсыну қажеттілігі дәлелденді. Мақалада қолданылған сакралдық география, рухани тәжірибе және мәдени дипломатия теориялары Түркістан феноменін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Эмпирикалық деректер Түркістанның ішкі және сыртқы туристік ағымының артып келе жатқанын, туризм саласының өңірлік экономикадағы үлесінің елеулі екенін көрсетті. Сонымен қатар, Түркістанның брендтік символдары - «Кіші Мекке» атауы, Ясауи кесенесі, түркі руханиятының ошағы ретіндегі бейнесі - оның халықаралық тартымдылығын күшейтетін негізгі факторлар ретінде танылды.

Мешхед (Иран) пен Кония (Түркия) сияқты қалалардың үлгісі Түркістан үшін бағыт-бағдар бола алады. Бұл қалалар рухани мұраны жүйелі инфрақұрылыммен, мәдени индустриямен және заманауи туристік құралдармен тиімді біріктіре алған. Түркістан үшін де дәл осындай трансформация қажет. Ясауи мұрасын тірі рухани мектеп ретінде дамытып, халықаралық зиярат маршруттарын қалыптастыру, визуалды-цифрлық ребрендинг жүргізу және мәдени-когнитивті туризмді интеграциялау - Түркістанды жаһандық деңгейдегі сакралдық орталыққа айналдыратын стратегиялық қадамдар болмақ.

Осылайша, Түркістан тек Қазақстанның рухани астанасы ғана емес, түркі халықтарының, тіпті ислам өркениетінің халықаралық дәрежедегі рухани хабына айналуға толық мүмкіндігі бар. Бұл - тек өткенді еске алу емес, бүгін мен болашаққа бағытталған рухани даму жолы. Түркістан - қасиеттілік пен келешек арасындағы көпір.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Eliade M. The Sacred and the Profane: The Nature of Religion. – New York: Harcourt, Brace & World, 1959. – 256 p.
2. Berger P. L. The Sacred Canopy: Elements of a Sociological Theory of Religion. – New York: Open Road Media, 2010. – 284 p.

3. Smith J. Z. *Map Is Not Territory: Studies in the History of Religions*. – Chicago: University of Chicago Press, 2003. – 326 p.
4. Issakov Y., Kassymov S., Omarov A., Baidauletov R. Study of the Impact of Unesco Heritage Sites on Sustainable Tourism Development: a Case Study of the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. – 2023. – Vol. 51, № 4spl. – P. 1717–1727.
5. Tuan Y.-F. *Space and Place: The Perspective of Experience*. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1977. – 235 p.
6. Turner V., Turner E. *Image and Pilgrimage in Christian Culture: Anthropological Perspectives*. – New York: Columbia University Press, 1978. – 313 p.
7. Rinschede G. Forms of religious tourism // *Annals of Tourism Research*. – 1992. – Vol. 19, № 1. – P. 51–67. – DOI: [https://doi.org/10.1016/0160-7383\(92\)90106-Y](https://doi.org/10.1016/0160-7383(92)90106-Y).
8. Meyer B. *Sensational Movies: Video, Vision and Christianity in Ghana*. – Berkeley: University of California Press, 2015. – 312 p.
9. Nasr S. H. *Islamic Science: An Illustrated Study*. – Bloomington: World Wisdom, 2007. – 192 p.
10. Shia M. Pilgrimage, Power, and Identity: The Case of Mashhad in Iranian Religious Tourism // *Middle East Journal of Tourism Research*. – 2017. – Vol. 9, № 2. – P. 34–47.
11. Karim H. Urban Development and Religious Infrastructure in Mashhad // *Journal of Islamic Urban Studies*. – 2020. – Vol. 5, № 1. – P. 21–38.
12. Karoubi E., Saatchian V., Pirjamadi M., Mahmoudi R., Mehri A. Evaluation of Effective Factors on Creating Social Bond in Religious Tourists Using the Services of Recreational-Sports Complexes in Mashhad // *International Journal of Tourism, Culture and Spirituality*. – 2022. – Vol. 5, № 2.
13. Rezvani M. R. Religious tourism and development: The case of Mashhad, Iran // *Current Issues in Tourism*. – 2013. – Vol. 16, № 6. – P. 501–511.
14. Arberry A. J. *The Mystical Poems of Jalaluddin Rumi*. – London: Allen & Unwin, 1970. – 262 p.
15. Koçyiğit M. The Role of Religious Tourism in Creating Destination Image: the case of Konya Museum // *International Journal of Religious Tourism and Pilgrimage*. – 2016. – Vol. 4(vii).
16. Қазақстан Республикасы Президенті. Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту туралы Жарлық (№ 762) [Электрондық ресурс]. – 2018. – Режим доступа: <https://www.akorda.kz>.
17. Kudaibergenova D. T. *Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives*. – Lanham: Lexington Books, 2016. – 230 p.
18. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. 2022 жылғы Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері [Электрондық ресурс]. – 2023. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz>.
19. Aubakirova A., Tulebekova G. Tourism Development in Turkistan: Between Sacred Heritage and Modern Infrastructure // *Journal of Central Asian Studies*. – 2022. – Vol. 7, № 1. – P. 45–58.

REFERENCES

1. Eliade M. *The Sacred and the Profane: The Nature of Religion*. – New York: Harcourt, Brace & World, 1959. – 256 p.
2. Berger P. L. *The Sacred Canopy: Elements of a Sociological Theory of Religion*. – New

York: Open Road Media, 2010. – 284 p.

3. Smith J. Z. Map Is Not Territory: Studies in the History of Religions. – Chicago: University of Chicago Press, 2003. – 326 p.

4. Issakov Y., Kassymov S., Omarov A., Baidauletov R. Study of the Impact of Unesco Heritage Sites on Sustainable Tourism Development: a Case Study of the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. – 2023. – Vol. 51, № 4spl. – P. 1717–1727.

5. Tuan Y.-F. Space and Place: The Perspective of Experience. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1977. – 235 p.

6. Turner V., Turner E. Image and Pilgrimage in Christian Culture: Anthropological Perspectives. – New York: Columbia University Press, 1978. – 313 p.

7. Rinschede G. Forms of religious tourism // *Annals of Tourism Research*. – 1992. – Vol. 19, № 1. – P. 51–67. – DOI: [https://doi.org/10.1016/0160-7383\(92\)90106-Y](https://doi.org/10.1016/0160-7383(92)90106-Y).

8. Meyer B. Sensational Movies: Video, Vision and Christianity in Ghana. – Berkeley: University of California Press, 2015. – 312 p.

9. Nasr S. H. Islamic Science: An Illustrated Study. – Bloomington: World Wisdom, 2007. – 192 p.

10. Shia M. Pilgrimage, Power, and Identity: The Case of Mashhad in Iranian Religious Tourism // *Middle East Journal of Tourism Research*. – 2017. – Vol. 9, № 2. – P. 34–47.

11. Karim H. Urban Development and Religious Infrastructure in Mashhad // *Journal of Islamic Urban Studies*. – 2020. – Vol. 5, № 1. – P. 21–38.

12. Karoubi E., Saatchian V., Pirjamadi M., Mahmoudi R., Mehri A. Evaluation of Effective Factors on Creating Social Bond in Religious Tourists Using the Services of Recreational-Sports Complexes in Mashhad // *International Journal of Tourism, Culture and Spirituality*. – 2022. – Vol. 5, № 2.

13. Rezvani M. R. Religious tourism and development: The case of Mashhad, Iran // *Current Issues in Tourism*. – 2013. – Vol. 16, № 6. – P. 501–511.

14. Arberry A. J. The Mystical Poems of Jalaluddin Rumi. – London: Allen & Unwin, 1970. – 262 p.

15. Koçyiğit M. The Role of Religious Tourism in Creating Destination Image: the case of Konya Museum // *International Journal of Religious Tourism and Pilgrimage*. – 2016. – Vol. 4(vii).

16. Qazaqstan Respublikasy Prezidentı. Türkıstan qalasyn türkı älemınıñ mädeni-ruhani ortalyğy retinde damytu turaly Jarlyq (№ 762) [President Of The Republic Of Kazakhstan. Decree on the development of Turkestan as a cultural and spiritual center of the Turkic World (No. 762)] [Elektrondyq resurs]. – 2018. – Rejim dostupa: <https://www.akorda.kz>.

17. Kudaibergenova D. T. Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives. – Lanham: Lexington Books, 2016. – 230 p.

18. Qazaqstan Respublikasynyñ Ülttyq statistika bürosy. 2022 jylğy Türkıstan oblysynyñ äleumettık-ekonomikalyq körsetkışteri [Bureau of national statistics of the Republic of Kazakhstan. Socio-economic indicators of the Turkestan region in 2022] [Elektrondyq resurs]. – 2023. – Rejim dostupa: <https://stat.gov.kz>.

19. Aubakirova A., Tulebekova G. Tourism Development in Turkistan: Between Sacred Heritage and Modern Infrastructure // *Journal of Central Asian Studies*. – 2022. – Vol. 7, № 1. – P. 45–58.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP23490104)

А. МАЛДЫБЕК Философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) e-mail: maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz	С. ШЫЛМАМБЕТОВ PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, (Қазақстан, Түркістан) e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz
З. ЖАНДАРБЕК Тарих ғылымдарының кандидаты Әзірет Сұлтан ұлттық тарихи-мәдени мұражай-қорығы (Қазақстан, Түркістан) E-mail: karashuk@mail.ru	Г. СЫЗДЫКОВА Техника ғылымдарының магистрі Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: g.syzdykova@iuth.edu.kz
02.04.2025 ж. баспаға түсті 15.06.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025 ж. басып шығаруға қабылданды	

A. MALDYBEK¹, S. SHYLMAMBETOV², Z. ZHANDARBEB³, G. SYZDYKOVA¹

¹International University of Tourism and Hospitality

(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz

²International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi

(Kazakhstan, Turkestan)

³National Historical and Cultural Museum-Reserve "Aziret-Sultan" (Kazakhstan, Turkestan)

THE ROLE OF KHOJA AHMED YASAWI'S LEGACY IN THE DEVELOPMENT OF SPIRITUAL TOURISM IN TURKISTAN: IN THE CONTEXT OF SACRED GEOGRAPHY AND INTERNATIONAL EXPERIENCE

Abstract. *This article scientifically analyses the sacral role of the city of Turkestan in the space of religious tourism and the potential of its transformation into a cultural and spiritual brand. The research is aimed at rethinking the phenomenon of Turkestan in the modern scientific discourse on the basis of the theories of sacred geography, spiritual practice, localisation and brand diplomacy. The legacy of Khoja Ahmed Yasawi is offered not only as a historical and religious object, but also as a pillar living experience of national spirituality and cultural identity. The article presents concrete steps to turn Turkestan into an International Centre of religious tourism in comparison with the experience of Mashhad (Iran) and Konya (Turkey).*

The empirical section analyses pilgrim flows, tourism infrastructure development, ecotourism and government support measures from 2010 to 2024 and provides concrete evidence through graphs and charts. In addition, the results of a survey concerning pilgrims' motivation are analysed. As a result of the study, it was proved that the symbolism of Turkestan's 'Little Mecca' is not only considered as an internal spiritual space, but also as a transnational sacred hub that strengthens Turkish integration, cultural diplomacy and national brand. Finally, itineraries such as

Sufi music festivals, the Yasawi Road, digital pilgrimage platforms and academic tourism were presented to bring Turkestan to an international level.

Keywords: *Turkestan, Khoja Ahmed Yasawi, religious tourism, sacred geography, spiritual practice, "Small Mecca", Sufi teaching, national brand, cultural diplomacy, pilgrimage, Konya model, "Yasawi way", tourism and spirituality, Turkic integration, localization theory.*

А. МАЛДЫБЕК¹✉, С. ШЫЛМАМБЕТОВ², З.ЖАНДАРБЕК³, Г. СЫЗДЫКОВА¹

¹Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), e-mail: maldybek.aqmaral@iuth.edu.kz

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, Туркестан)

³Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет-Сұлтан»
(Казахстан, Туркестан)

РОЛЬ НАСЛЕДИЯ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В РАЗВИТИИ ДУХОВНОГО ТУРИЗМА В ТУРКЕСТАНЕ: В КОНТЕКСТЕ САКРАЛЬНОЙ ГЕОГРАФИИ И МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА

Аннотация. В данной статье научно проанализирована сакральная роль города Туркестан в пространстве религиозного туризма и потенциал его превращения в культурно-духовный бренд. Исследование направлено на переосмысление феномена Туркестана в современном научном дискурсе на основе теорий сакральной географии, духовной практики, локализации и брендовой дипломатии. Наследие Ходжи Ахмеда Ясави предлагается не только как историко-религиозный объект, но и как опора живого опыта национальной духовности и культурной идентичности. В статье представлены конкретные шаги по превращению Туркестана в Международный центр религиозного туризма в сравнении с опытом городов Мешхед (Иран) и Конья (Турция). В эмпирическом разделе проанализированы потоки паломников, развитие туристической инфраструктуры, экотуризм и меры государственной поддержки в период с 2010 по 2024 год, а также представлены конкретные доказательства с помощью графиков и диаграмм. Кроме того, проанализированы результаты опроса, касающегося мотивации паломников. В результате исследования было доказано, что символика «Малой Мекки» Туркестана рассматривается не только как внутреннее духовное пространство, но и как транснациональный сакральный хаб, укрепляющий тюркскую интеграцию, культурную дипломатию и национальный бренд. В заключении были представлены такие маршруты, как суфийские музыкальные фестивали, «дорога Ясави», цифровые платформы паломничества и академический туризм, чтобы вывести Туркестан на международный уровень.

Ключевые слова: Туркестан, Ходжа Ахмед Ясави, религиозный туризм, сакральная география, духовная практика, «Малая Мекка», суфийское учение, национальный бренд, культурная дипломатия, паломничество, модель Конья, «путь Ясави», туризм и духовность, тюркская интеграция, теория локализации.